



Ержүрек ерлерді еске алды

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

1979-1989 жылдары аралығында Ауғанстандағы соғысқа Кеңес әскерлері де қатысты. Он жылға жуық созылған соғыстың зардабы тарих беттерінде сайрап жатыр. Әскерге алынған жас жауынгерлер жат қолынан қаза тапты. Із-түзсіз жоғалып кеткен азаматтар қаншама. Қостанай облысы бойынша 1846 адам ауған соғысына қатысқан. Соның 46-сы қайтып

оралмаған, екеуі із-түзсіз жоғалды.

Жексенбі күні қостанайлық ауған соғысының ардагерлері қасіретті жылдардың құрбаны болған ерлерді еске алды. Себебі, 15-ақпан – Ауғанстан жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылған күні. Еске алу митингі қала орталығындағы Жеңіс паркінде өтті. Аталған жерде ауған соғысының құрбандарына арналған ескерткіш белгі бар. Шараға жиналғандар боздақтардың аты-жөндері жазылған тақтаға гүл шоқтарын қойды.

– Кеңес әскерлерінің ауған даласынан шығарылғанына биыл жиырма алты жыл. Арада ұзақ уақыт өтсе де

аталған соғыстың қасіреті ұмытылған жоқ. Себебі, он жылға созылған шайқаста қандас, бауырларымыздан айырылды. Олардың ерлігі, есімдері ескерусіз қалмауы керек. Ауған соғысының көзі тірі куәгерлеріне әртүрлі жеңілдіктер жасалуда. Бір өкініштісі, "Ауған соғысының қатысушылары туралы" заң жоқ, – деді Қостанай облысы бойынша Ауған соғысының ардагерлері ұйымының төрағасы Манарбек Сұлтанғазин.

**СУРЕТТЕ: митингтен көрініс.
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.**

Кезектен тыс Президенттік сайлау өткізу бастамасын қолдауға шақырды

"Нұр Отан" ел азаматтарын, саяси партиялар мен қоғамдық күштерді кезектен тыс Президенттік сайлау өткізу бастамасын қолдауға шақырады.

Бұл туралы бүгін ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте "Нұр Отан" партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Бай-

бек мәлім етті.

Оның атап өтуінше, бүгін партия саяси кеңесінің отырысы өтіп, онда саяси шешім қабылданған. Б.Байбек партия мәлімдемесін Қазақстан халқына жария етті.

"Қазақстан халқы Ассамблеясын қолдай отыра кезектен тыс Президенттік сайлау өткізу туралы бастаманы

халық мүддесіне сай келетін ең дұрыс шешім деп санаймыз. Мұндай қадамның қазірдің өзінде-ақ Парламентті, Үкіметті, орталық және жергілікті басқару органдарын тастүйін жұмылдырып, халықтың өміршең энергиясын басты мақсат – Отанымыз Қазақстан Республикасының гүлденуі мен өркендеуіне бағыт-

тауға жол ашады.

Біздің халқымыз ел тарихының ең бір шешуші сәттерінде болашақ ұрпақ қамы үшін даналық таныта отырып, өз Көшбасшысының төңірегіне топтасу мен бірігудің ең биік деңгейін көрсетті. "Нұр Отан" партиясы барша ел азаматтарын, барлық саяси партиялар мен қоғамдық күштерді кезек-

тен тыс Президенттік сайлау өткізу бастамасын қолдауға шақырады. Бұл біздің ұзақ мерзімді Қазақстан-2050 стратегиясы мен Мәңгілік Ел идеясының жүзеге асырылуын қамтамасыз ете отырып, бұдан да қуатты, бұдан да тастүйін бола түсуіміздің тарихи мүмкіндігі", – деді Б.Байбек. **(ҚазАқпарат)**

Жаңа тағайындау

Облыс әкімінің бұйрығымен Қамбаров Хайдар Жабықбайұлы Қостанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Хайдар Жабықбайұлы 1957 жылы 20 қарашада Қостанай облысы, Орджоникидзе ауданы, Орджоникидзе ауылында дүниеге келген.

1980 жылы Рудный индустриалды институтын инженер құрылысшы мамандығы бойынша және 1990 жылы Алматы партия мектебін "саясаттану" мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1980 жылы Қостанай облысы, Орджоникидзе ауданында Орджоникидзе ПМК-1445 шебері болып бастады.

1997-1999 жылдары – Қостанай облысы, Орджоникидзе ауданы әкімінің орынбасары.

2000-2001 жылдары – Қостанай облысы Лисаков газбен жабдықтау цехы жерасты жүйесі қызметінің шебері, абоненттік қызмет инспекторы.

2001-2008 жылдары Қостанай облысы Лисаков газбен жабдықтау цехының басшысы.

2008-2013 жылдары – "ҚазТрансГазАймақ" АҚ Қостанай филиалы, "Қостанайгаз" МКК басқармасының бас инженері.

2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қостанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарды.



"Ауғанның отты жылдары"

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына – 26 жыл. Осыған орай қаладағы "Жасұлан" жасөспірімдер орталығының мәжіліс залында арнайы іс-шара өткізілді. Салтанатты жиында қала әкімі Фазиз Бекмұхамбетов құттықтау сөз сөйлеп, ауған соғысының ардагерлеріне жылы лебізін жеткізді.



Бүгінгі таңда қалада отыздан астам ауған соғысының ардагері тұрады. Үш жауынгер ұрыста мерт болды. Олар: Марат Галиев, Талғат Баймағанбетов, Николай Фирсович.

Жауынгерлік борышын адал атқарып, жат жерде жас ғұмырын қиған боздақтар бір минуттық үнсіздікпен еске алынды.

Ауған соғысының ардагері Марат Бәлдіков қаладағы "Жастар" саябағынан ауған соғысы жауынгерлерінің құрметіне тұрғызылып жатқан ескерткіштің ағымдағы жылы аяқталатынына үміттенетіндіктерін айтты. Өткен жылы Торғай боксит кен басқармасының көмегімен ескерткіштің қаңқасы тұрғызылған. Енді, оны аяқтауға қаржының тапшылығы қолбайлау болып отыр.

Ескерткіш – ерліктің, елдіктің үлгісі. Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кәки Ақан ардагерлер армандаған ескерткіш биылғыдай "Ұлы жеңістің 70 жылдығы" аталып өтілетін мерейлі жылда аяқталып жатса нұр үстіне нұр болатынын алға тартты.

Тағылымды шарада қала және ауыл өнерпаздары өн мен жырдың тиегін ағытты.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: М. Бәлдіков ауған соғысының ардагері.

Қызылшаға қарсы екпе басталады

Қарлығаш ОСПАНОВА

Ақпанның 16-сы мен 28-і аралығында облыста 15-19 жастағыларға қызылшаға қарсы қосымша иммундау жүргізіледі. Бұл туралы баспасөз мәслихатында облыстық тұтынушылар құқығын қорғау департаменті бастығының орынбасары Сәуле Бәйменова мәлімдеді.

Мамандардың айтуынша, 2012 жылы еліміз бойынша қызылша дертіне шалдыққандар саны төрт жүзден асқан көрінеді. Ал, өткен жылы біздің облыста зертханалық расталған қызылшаның 7 жағдайы тіркелген. Аталған шара барысында қырық мыңнан астам адамға қызылшаға қарсы вакцина егу жоспарланып отыр. Бүгінде облыс бойынша екпе жасайтын 95 арнайы топ құрылды. Барлық білім ошақтары мен оқу орындарында түсіндіру жұмыстары жүргізілетін болады. Сондай-ақ, мониторинг жасалады, ал оның нәтижесі сәуір айында белгілі болмақ.

– Қазіргі таңда Үндістаннан әкелінген вакцина барлық медициналық мекемелерге таратылды. Егу шарасына 15 пен 19 жас аралығындағылар қатысатын болады әрі олар бұрын қызылшаға қарсы екпе қабылдамағандар. Жалпы, облыста қызылшаға қарсы екпе жұмыстары соңғы рет 2011 жылы жүргізілді, – дейді Сәуле Әнуарбекқызы.

Қызылша – жіті инфекциялық вирустық ауру. Бұл аурудың белгілері: бас ауырып, жөтеліп, денесі бөртіп, қызуы көтеріледі. Қызылшамен науқаспен қарым-қатынаста болған, оған қарсы егілмеген барлық адамдар ауырады. Ауру асқынып кетсе отит, пневмония, энцефалитке, ал 2 жасқа дейінгі қызылшамен ауырған балаларда бірнеше рет панэнцефалитке шалдығуы мүмкін. Ең бастысы, қызылшаға вакцина қабылдау арқылы аурудың алдын алуға болады. Себебі, бұл сырқатқа көбіне екпе алмағандар шалдығатын көрінеді. Сондықтан, мамандар дерттің алдын алуда вакцинаның тигізер көмегі орасан зор дейді. Әрі ата-аналарға балаларына екпе егуден бас тартпау керектігін де ескертеді.

● ӘКІМ ЕСЕП БЕРДІ: ҚАРАБАЛЫҚ АУДАНЫ

Мал шаруашылығына бетбұрыс

Қымбат ДОСЖАНОВА

Былырғы ауа райының қолайсыздығына қарамастан Қарабалық ауданының диқандары 276 мың тонна астықты қамбаға құйды. Жергілікті шаруалар орташа есеппен гектарынан 12, 8 центнер өнім алды. Алдағы көктемгі егіс науқанына уақытылы кірісу жұмыстары күн тәртібіне қойылып отыр. Өңірдегі өзге де салалардың даму көрсеткіштері туралы аудан әкімі Алматы Ысмағұловтың есебінде айтылған болатын.

Былырғы жылдың қорытындысы бойынша Қарабалық ауданында мал шаруашылығының өркендеп келе жатқаны байқалады. Ірі қара саны 8,6 пайызға артқан. Асыл тұқымды мал басы да көбейген. Аудан әкімінің айтуынша, мал шаруашылығының дамуына мемлекеттік бағдарламалардың көмегі көп.

– Саланың дамуына мемлекеттік бағдарламалардың ықпалы зор. Мәселен, "Сыбаға", "Алтын асық", "Құлан" және "Ырыс" бағдарламалары бойынша ұсыныстар қабылданып, ірілі-ұсақты шаруа қожалықтары көбейді. Былырғы жылы ауылшаруашылығын субсидиялау көлемі 970 млн. теңгені құрады. Соның 148 миллионы мал шаруашылығына бағытталған, – деді Қарабалық

ауданының әкімі Алматы Ысмағұлов.

Аталмыш ауданда австралиялық асыл тұқымды мал санын көбейтуге ерекше мән беріліп отыр. Мәселен, "Север Агро Н" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі австралиялық ірі қара саны 4 000, ал "Терра" ЖШС-сы 966 басқа жеткізген. Мал шаруашылығын одан әрі өркендету жұмыстары биыл да жалғасын таппақ. Мәселен, ақжолтай жобалардың бірі ретінде "Ақ-Бидай-Агро" кәсіпорнының бордақылау алаңын атауға болады. Кәсіпорын үш мың ірі қараға арналған бордақылау алаңының құрылысын бастамақ. Жоба екі кезеңнен тұрады. Алғашқы кезең 2015 жылы 1500 ірі қараны бордақылау қарастырылған. Жылына

500 тонна ет өндіретін мал сою цехының құрылысы да жоспарда бар.

"Бизнестің жол картасы – 2020" мемлекеттік бағдарламасының шағын және орта бизнесті дамытуға жол ашып отырғаны анық. Бағдарлама басталғалы бері құны 159 млн. теңге болатын 14 жоба жүзеге асты. Нәтижесінде 30 жаңа жұмыс орны ашылды. Бизнесті қолдауға бағытталған жұмыстар биылғы жылы да жалғасады. Сонымен қатар кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін азаматтарға қолдау жасалады. Ал "Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020" бағдарламасы бойынша 48 шағын несие берілген. Бағдарламаның арқасында кәсіби курстан өтіп, жұмысқа орналасқан азаматтар да баршылық.

Шалғайдағы ауданның халқы "Ақ бұлақ" бағдарламасының шапағатын көріп отыр. Қазіргі уақытта сегіз ауыл орталықтан-дырылған суқұбыры жүйесіне қосылған. Халықты газбен қамту мәселесі кезең кезеңімен жүзеге асуда. Өткен жылы Святослав селосына газ тартылған болатын. Ал биыл Научное-Тоғызак, Ворошилов ауылдарына газ құбырын тарту жоспарланып отыр.

Лаңкестікке қарсы шара

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Қостанай қаласындағы мектептерде діни экстремизм мен терроризмге қарсы шаралар жөнінде сабақтар өтті. Бұл туралы облыстық төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

Сабақтарды діни экстремизм мен терроризмге қарсы шаралар

жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама шеңберінде Төтенше жағдайлар жөніндегі басқарма және өрт бөлімшелері қызметкерлері ұйымдастырды. Олар оқушыларға "Оқу корпусында террорлық әрекет болу қаупі туған жағдайда оқушылар не істеу керектігі" туралы әңгімелеп берді. Сабақтың мақсаты – көпшілікке алған адамдар өзін қалай ұстауы тиіс, жарылғыш затқа ұқсайтын зат табылғанда оның айналаға залалы тигеуі үшін не істеу керектігін үйрету. Мамандар күтпеген жағдайда оқушыларға психология-

лық жағынан ұстамды болу, саспау керектігін түсіндірді. Халықаралық лаңкестік, террорлық әрекеттердің түрлері, жарылғыш заттар қойылғаны жөніндегі жалған ақпараттар таратқаны үшін айыппұл туралы түсінік берді. Оқушылар террорлық әрекеттер мен оның бейбіт тұрғындарға келтірген зардаптары жөнінде бейнеролик қарады. Сонымен қатар оқушылар мектепте және үйде өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау жөнінде де дәріс тыңдады. Мұндай сабақтар облыс орталығындағы 25 мектепте өтті.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Үкіметтік емес ұйымдардың қатары көбейген

Қымбат ДОСЖАНОВА

ҮЕҰ-ның қоғамдағы алар орны маңызды. Аталмыш құрылымның қызметі мемлекеттің, халықтың мүддесімен үндес. Билік пен бұқараның арасын жалғайтын көпір десек болатындай. Бүгіндері Қостанай облысында 768 ҮЕҰ бар. Үкіметтік емес секторға сенім білдірушілердің саны да көбейген. Бұл туралы дүйсенбілік дәстүрлі аппарат мәжілісінде айтылды.

Соңғы үш жылда облыстағы ҮЕҰ-дың қатары 14%-ға артқан. Соның ішінде әлеуметтік қорғау, салауатты өмір салты мен спортты насихаттау, балалар мен жастарға бағытталған ҮЕҰ-ды ерекше атауға болады. Аталған құрылым санының өсуіне әлеуметтік маңызды жобалар байқауы, форум, көрмелердің септігі мол.

– Облыста санымен қатар сапасы жағынан да басқа өңірлерден басым түсетін ҮЕҰ-дар шо-

ғырланған. Олардың қоғам алдындағы әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге деген ынтасы, белсенділігі ерекше. Бір қуаныштысы, қоғамның сол ҮЕҰ-ға деген сенімі жыл сайын артып келеді. Мұны тәуелсіз құрылымдар жүргізетін әлеуметтік зерттеулердің қорытындысы дәлелдеп отыр, – деді облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Жәнділде Мақанов.

Әлеуметтік сауалнамалардың қорытындысы бойынша, үкіметтік емес секторға сенім білдірген респонденттердің үлесі 2010 жылы 45%, 2014 жылы 68%-ға дейін артқан. ҮЕҰ-дар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде маңызды мәселелердің оң шешімін табуына үлес қосуда. Биыл Қостанай облысы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландыру көлемі бойынша республикада 11 орында. Өткен жылдың қорытындысында 14 орында болған.

Шалағайда орналасқан ауыл-

дармен салыстырғанда қала, аудандарда ақпараттық коммуникация технологиялары дамыған. Сондықтан, ауылдағы ҮЕҰ-ға ерекше көңіл бөлу қажет. Бұл ретте Жігітқара, Қарабалық, Қостанай, Ұзынкөл аудандарындағы ҮЕҰ-дың жұмысы жоғары бағаланып отыр. Алтынсарин, Аманкелді, Денисов, Жанкелдин, Қамысты аудандарында ҮЕҰ-дың дамуы баяу.

– Облыс аумағындағы үкіметтік емес ұйымдардың бәрі жоғары деңгейде жұмыс істейді деп айту қиын. Бірінің белсенділігі жоғары, ал бірінікі төмен. Ауылдардағы ҮЕҰ-дың саны өскенімен, жұмыс сапасына көңіл бөлу қажет. Үкіметтік емес сектордың белсенділігін арттыруды қолға алған жөн. Өзге облыстардан тәжірибе алу үшін форум ұйымдастыру керек шығар. Осы уақытқа дейін бір де бір ҮЕҰ-ның жетекшісі облыс әкімінің жеке қабылдауына жазылмапты, – деді облыс әкімі Нұралы Садуақасов.

• 2015 – Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы

Ел бірлігі – ең асыл қасиет

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Оның негізгі міндеті – этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, ел бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негізін қалаушы құндылықтар бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту. Ол ортақ құндылығымыз – тәуелсіздік, егемендік, бірлік, бейбітшілік пен келісімді сақтауға арналған.

Биыл қазақстан халқы Ассамблеясының жылы. Осыған орай, 6 ақпан күні еліміздің түкпір-түкпірінде осы мерекенің ашылуына арналған салтанатты рәсім өткізілген болатын. Айтулы күнге орай Әулікөл аудандық мәдениет үйінде де арнайы салтанатты жиын өтті. Сахна шымылдығы Б.Жүнісов атындағы ұлт аспаптар ансамблінің «Мерекесі» күйімен ашылды. Еліміздің әнұраны орындалды.

Мерекелік іс-шара барысында мәслихат хатшысы Алек-



сандр Бондаренко, Н.Островский атындағы Аманжол орта мектебінің әлеуметтік педагогы Елена Кунц, С.Баймағамбетов атындағы мектеп-гимназияның тәлімгері Анастасия Жукова сөз алып, Қазақстанда 130-дан астам ұлт пен ұлыстың өкілдері бір үйдің баласындай тату-тәтті ғұмыр кешіп келе жатқандығын, көпұлтты Қазақ елінде бейбітшілік пен татулықтың, береке-бірліктің орнап отырғандығын ерекше атап өтті. Әрі осы бейбітшілік пен келісімнің біздің еліміз үшін ең басты байлық екендігін де тілге тиек етті.

Үстіміздегі жылы Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толады. Қазақ халқы талай нәу-

батты бастан өткерді. Бірақ, мың өліп, мың тірілген қазақ ақыры азаттығын алды. Ал, Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту – сол азаттықты сыйлаған ата-бабаға деген құрмет. Салтанатты шарада осы айтулы дата да ескерілмей қалған жоқ. Сахнада Ш.Уәлиханов орта мектебінің ұстаздары қойған «Жәнібек-Керей» атты сахналанған көрінісі жиналғандарды тәнті етті. Сондай-ақ, өнер мектебінің және мәдениет үйінің өнерпаздары да Отан, туған ел, достық, бірлік туралы жүрекжарды әсем әндерін ортаға салып, көрерменнің қошеметіне бөленді.

Жұмакүл Сыздықова.
Әулікөл ауданы.

*** Түйткіл ***

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы...



Қымбат
ДОСЖАНОВА

Көшедегі сауатсыз жарнамалар мен түсініксіз аудармаларға жиі куә боламыз. Көрнекі ақпараттардың мәтіндері мемлекеттік тілге келгенде қате-қате жазылады. Оған не себеп? Жауапсыздық па әлде немқұрайлылық па? Осынау сауалдарға жауап беру үшін Қостанай қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі «Тілдің тазалығы» атты мониторинг жүргізді.

Іс-шара аясында арнайы құрылған комиссия шаһардың Алтынсарин және Гоголь көшелерін бойлап, қате жазылған жарнамаларды анықтады. Комиссияның құрамында қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, облыстық тілдерді дамыту басқармасының мамандары және «Жас Отан» ЖҚ ҚОФ-ның мүшелері бар. Тіл жанашырлары жарнама

иелері мен дүкен қожайындарына ұсыныс хат жазып, жіберілген қателіктерді түсіндірді. Аталған кемшіліктер он немесе он бес күннің ішінде жойылуы тиіс.

– Сауатсыз деп танылған

ҚР «Тіл туралы» Заңы
21-бап. Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі

«...Көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде – сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде он жағына немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады. Қажеттігіне қарай көрнекі ақпараттың мәтіндері қосымша басқа да тілдерге аударылуы мүмкін. Бұл жағдайда кәріп өлшемі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардан аспауға тиіс. Ауызша ақпарат, хабарландыру, жарнама мемлекеттік тілде, орыс және қажет болған жағдайда, басқа да тілдерде беріледі».



жарнамалардың мәтіндері орыс тілінен қазақшаға аударылмаған және грамматикалық, стилистикалық қателер кездеседі. Оның туындау себебі аудармаға деген салғырттық. Сауда-саттық нысандарының иелері кәсіби аудармашылардың көмегіне жүгінбейді. Аударманы мемлекеттік тілді жетік меңгерген адам жасауы керек, – деді облыстық тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы Жарасхан Наурызбаев.

Елімізде былтырғы жылдан бері шағын және орта бизнес субъектілерін тексеруге уақытша мораторий жарияланған болатын. Сондықтан қостанайлық тіл жанашырлары қате жарнама иелеріне ұсыныс хат жазумен шектеліп отыр.

СУРЕТТЕРДЕ: Алтынсарин-Гоголь көшелерінде ілулі тұрған қате жарнамалар.

Суреттерді түсірген Айбек Жүзбай.

Тобыл Торғай Тынысы

Есеп мазмұнын талқылады

Облыста. «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қостанай облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» математика пәні мұғалімдеріне арнап «PISA бағдарламасы бойынша тесттік тапсырмалар құрастыру принциптеріне сәйкес математика пәні бойынша 8-9 сынып оқулықтар тапсырмаларының мазмұнын іріктеу» атты конференция өткізді. Қатысушылар PISA зерттеу шеңберінде математика пәнін жан-жақты оқытып, есептер шешу, материалдың мазмұнын іріктеу кезінде кездесетін күрделі мәселелерді талқылады.

Батырды еске алды

Сарыкөл. Шайбалы хоккейден 24-ші рет өткізілген аудандық турнир – Кеңес Одағының Батыры М.Собконы еске алуға арналды. Мұз айдынында жүздескен мықтылар бұл спорттың нағыз майталманы екендіктерін ойын өрнегімен дәлелдеуге тырысты. Олар жас ерекшеліктеріне байланысты екі топқа бөлініп, өнер көрсетті. Ересектер арасында «Кристал» командасы үздік деп танылды. Ал екінші орынды «Аманжол Акро», үшіншіні сарыкөлдiктер өзара бөлісті. Сондай-ақ, жастар бойынша 1-орынды златоустық «Кристалл», 2-орынды Қостанай ауданының хоккейшілері еншілесе, үштікті барвиндіктер бағындырды.

Тегін интернет желісі ашылды

Федоров. «Нұр Отан» партиясы мен пошта қызметкерлері бірлесіп, Пешков селосындағы Қазпошта байланыс бөлімшесінен Интернет желісін ашты. Бұл ауыл тұрғындары үшін ерекше қуаныш болды. Бүгінде вай-фай үлкен сұранысқа ие. Әсіресе, ауылдық жерлерде оның қызметін пайдаланушылар көбейіп келеді. Пешков селосындағы пошта бұрынғыдай таңертеңгі 9.00 мен кешкі 18.00 аралығында жұмыс істейді. Осы уақыттар аралығында тегін интернет желісіне қосылғысы келетін ауыл тұрғындары пошта қызметіне жүгінеді.

Шаңғы тебуден жарысты

Қарасу. Аудан мекемелері мен кәсіпорындары қызметкерлерінің IV спартакиадасы аясында шаңғы жарысы өтті. Оған бас-аяғы 7 команда қатысып, әйелдер 1000 м, ал ерлер 2000 метр қашықтықта өзара бақ сынады. Жарыс қорытындысы бойынша әйелдер командасынан бірінші орынды Гүлнұр Дүйсенова (Аудандық орталық аурухана), екінші орынды Таис Басистюк (Қарасу ауыл шаруашылығы колледжі), үшінші орынды Айнұр Қанапина (Қарасу орта мектебі) иеленді. Ал ерлер арасында жүлделі бірінші орынды Мейрам Саутпаев (аудан әкімшілігі), екінші орынды Базарбай Қатпенов (Қарасу орта мектебі), үшінші орынды Дамир Төретаев (Қарасу орта мектебі) жеңіп алды.

Жаңа мәдениет үйі ашылды

Қарабалық. Аудандағы Новотроицк ауылында жаңа мәдениет үйінің ашылуы өтті. Қырық жылдан бері күрделі жөндеу қормеген мәдениет үйіне биылғы жылы мемлекеттік бюджеттен 30 млн теңге қаражат жұмсалып, ғимарат адам танымастай жаңартылды. Ауыл халқының қуанышында шек жоқ. Мәдениет үйінің ішінде үлкен люстралар мен кең фойе, әр түрлі үйірмелердің бөлмелері, спорт, би залдары бар. Мұнда қазір 7 адам қызмет етеді.

Малға күтім

Науырзым. Мал шаруашылығын дамыту үшін оларды үнемі бақылауда ұстау қажет. Ауданда есепті жылы бруцеллез ауруына қарсы 18 мың ірі қара мал және 4 326 ірі қара малдың төлдері зерттелген. Оның ішінде ірі қара малдың 143 басы және 14 бас төл ауруға шалдыққаны анықталып, барлығы да сойылған. Құтыруға, сібірлік жарасына, эмкараға қарсы вакцинациялар бойынша да жоспарлар уақытылы орындалды.

«Бақыт дегеніміз – денсаулық»

Аманкелді. Аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен Ы.Алтынсарин орта мектебінің 3-сыныптары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Бақыт дегеніміз – денсаулық» атты сайыс өткізілді. Мұнда Елбасының салауатты өмір салтын сақтау керек деген қағидасы дәріптелді. Сайыс мақсаты зиянды, жат қылықтардан аулақ болуға шақыру. Балғындар «Тазалық», «Салауат» тобы болып екіге бөлініп, сайысқа түсіп, өздерінің алғырлығын, жылдамдықтарын, тапқырлығын, өнерлерін жақсы көрсетті. 1-орынды «Салауат» тобы жеңіп алды.

● ЖЕҢІМПАЗДАР ЖАДЫМЫЗДА

СОҒЫСТЫҢ АУЫР СОҚҚЫСЫ

немесе қаншама қиыншылық көрсе де бір-біріне деген
пәк сезімін аялап өткен ерлі-зайыпты майдангерлер

Ахмет пен Қантай Омархановтар туралы сыр



Сәлім
МЕНДІБАЙ

1. Ахмет

Қолдағы деректер бойынша, Ахметтің әкесі Омархан өз дәуірінің бетке ұстар, сауатты да беделді адамы болған. Оның бауырлары Мәмбет, Махмет те көшелі кісілер екен. Махметтің Ақсұлу атты қызынан әлемге әйгілі академик, біздің жер-

мен қатар ұлттар тілдерінде газеттер шыға бастады. 1934 жылы Бүкілодақтық коммунистік (большевиктік) партиясы Магнитогор округтік комитетінің, Магнитогор округтік атқару комитетінің, округтік кәсіпшілік советінің және Сталин атындағы комбинат басқармасының органы ретінде қазақ тіліндегі «Магнитогор жұмысшысы» газеті ұйымдастырылады. Ол сол жылы 8 қаңтарда жарық көреді. Ол 1936 жылдың аяғына дейін шығып тұрды. Сол



лесіміз Манаш Қозыбаев туады. Мәмбет те – белгілі тұлға. Өз заманында аты алысқа кеткен, ағайын-туғанға жаққан, мыңғырған мал біткен кісі болса керек. Міне, сол бауырлары Омарханды қамқорлыққа алып, қажылыққа жіберіп, мектеп ұстатып, халық ұлы етеді. Оның үш ұлы да кезінде білім алып, журналистік мамандықты игереді. Сыздық деген баласы отызыншы

жылы редакция Челябинге көшіріледі.

Омарханов Ахмет осы газетте әдеби қызметкер болады. Ол Уфадағы «Ғалия» медресесінде білім алған, білімі терең, қабілеті жоғары журналистердің бірі болады. Оны осы газеттің сақталған сандарын ақтарып, кезінде «Егемен Қазақстан» газетіне мақала жазған әріптесіміз Нәзір Жәрімбетова да растайды.



жылдары Ақтөбе облыстық «Социалистік жол» газетінде редактор болып қызмет істеп жүрген кезінде «халық жауы» кейпін киіп, атылып кетеді.

Ал Әбдіхалық атты ұлы «Челябинский рабочий» газетінде қызмет істеп жүргенде Ұлы Отан соғысы басталып, Ленинград шайқасына қатысады. Ол сол кескілескен ұрыстардың бірінде қаза табады.

Балалардың кішісі Ахмет те сол отызыншы жылдары ағаларының ізімен журналистикаға келеді. Сол тұста Магнитогор металлургия комбинаты құрылысында он мыңдаған жұмысшы мен маман жұмыс істеді. Сондықтан онда өлеуметтік желі дамыды. Бастауыш, жетіжылдық және зауыт-фабрика мектептері ашылды. Соны-

«Магнитогор жұмысшысы» газеті жабылған соң Ахмет Ақтөбеге келіп, сондағы «Қызыл Ту» және «Социалистік жол» газеттерінде еңбек етеді.

Ахмет соғыс басталмай тұрып, 1940 жылдың мамыр айында Қызыл Армия қатарына алынады. Мұнда ол Кушка қаласында шығарылатын «За Родину» дивизиялық газет редакциясында қызмет істейді. Соғыс басталысымен кескілескен ұрыстардың бел ортасында жүріп, Отан үшін от көшеді. 1942 жылы шілдеде, Ұлы Отан соғысы тарихындағы ең бір ауыр кезеңде, Ахметтің бөлімшесі немістердің тұтқынына түсіп, азап шегеді.

Ол алдымен Каунас қаласында, сол жылдың тамызынан бастап Германияның

Деленбург қаласындағы «Цегенхаим» лагерінде отырады. Сол тар қапаста кезінде Мұстафа Шоқаймен кездесіп, сөзін тыңдайды. Міне, осы жайт оның өмірінің қара таңбасына айналады. Тіпті 1945 жылы наурызда лагерьден қашып шығып, америкалық әскерлерді паналаса да, соғыстан кейінгі жылдары оның басына қара бұлт үйіріле береді. Соғыста тұтқында болған, Мұстафа Шоқаймен кездескен деген фактілердің өзі сол кездің саясаты бойынша Ахметті сенімсіз адамдар қатарына қосады.

Ал біздің қолымызда Қызыл әскер Ахмет Омархановтың лагерьден қалайша қашып шыққанын дәлелдейтін дерек бар. Ол сол тұтқында Ахметпен бірге болған оның майдандас досы, соғыстан кейін Пермь қаласы, Металлургтер көшесі 10 үй, 15 пәтерде тұрған Валентин Иванович Луиннің 1965 жылы 6 мамырда Меңдіқара ауданы «Қаратал» астық совхозында тұрып жатқан Ахметке жазған хаты. Хат былай басталады: «Привет из Перми. Ахмед, тебе пишет Валька Лукин, который делал побег из плена вместе с тобой и как мы пошли в разведку и попали под обстрел американских пулеметов...».

2. Қантай

Ахметтің құдай қосқан жары Қантай анамыз туралы сөз қозғамас бұрын оның осы Қостанай қаласында тұратын қызы – Талма Ахметқызына сөз берейік:

– Әкеміз 1937 жылы анамыз Қантайға үйленеді. Бірақ отбасылық өмір ұзаққа бармайды. Ақтөбе облыстық «Социалистік жол» газетінде істеп жүргенде нақақтан жала жабылып, «халық жауы» айдары тағылып, Ақ түрмеге қамалады.

Бірақ ақыры мәселенің ақ-қарасы анықталып, түрмеден босатылады. Оны кім, қалай босатты – ол жағы бізге белгісіз.

Әкеміз Меңдіқара жеріндегі Шөптікөл ауылының тумасы, шешеміз Қантай – ақтөбелік.

Соғыс басталғанда анамыз өзі сұранып, майданға аттанады. «Не көрсем де Ахметпен бірге көремін» депті әжет қыз қауіпті сапарға аттанар алдында. Кім білсін, майданда сүйіктісімен кездесемін деп те ойлаған шығар. Ауылда өскен қыз соғыс өртінің жарты әлемді шарпып, адам тағдырын төлөкке саларын ойлады дейсің бе?..

Кіші сержант Қантай Омарханова II Беларуссия майданы авиаполкте байланысшы болып, өзінің жауынгерлік жолын бастайды. «Арқамызға салмағы 20-25 келі катушкаларды артып, окоп-окопқа байланыс тартатынбыз», – дейтін анам.

Сондай бір қауырты шақта жаралы болып госпитальға түседі. Жарқыншақ балғын келіншектің төсінен тиіп, бір анарын жаралайды. Ақыры оны дәрігерлер кесіп тастайды.

Анамыздың алған сан медалі болатын. Соғыс Жеңіспен аяқталған 1945 жылдың мамырында маршал К.Рокоссовскийдің өзі қаршадай қазақ қызына мейірімін төгіп, бетінен сүйіп, құттықтаған екен.

– Сонда маршалдың жүрегі қуаныштан кеудесіне сыймай тұрғанын сезіп едім. – деп қайталайтын анамыз.

Соғыстан аман-есен оралған, қаншама қиыншылық көрсе де сағы сынбаған, жігері мұқалмаған әке-шешеміз Ақтөбе жерінде қайта қосылып, үш ұл, үш қыздың ата-анасы атанады. Анамыз бәрімізді жалғыз емшегімен ауыздандырып, мейірімін төкті.

Ахмет әкеміз 60 жылдарға дейін Ақтөбе газетінде істеді. Сталиннің кезінде соғыста тұтқынға түскендерді халық жауы деп қайта түрмеге жауып жатқанда елге қайтуға жүрегі дауаламапты. Өзінің туыс-туғандарынан да қол үзіп, хабар-ошарсыз жүрді.

Бір күні өзінің туысы Бекназар газет бе-



тінен Омарханов фамилиясын көріп, Ақтөбеге іздеп келеді. Бауырын елге қайтуға көндіреді.

1960 жылдың күзінде ата-анамыз Қостанай жеріне – өз еліне қоныс аударады. Содан әке-шешеміздің жаңа өмірлері басталады.

Әкеміз журналистиканы тастап, Орынбор ауыл шаруашылық институтында сырттай оқып, Қаратал ауылында зоотехник болып еңбек етеді.

Ол кісінің өмірбаяны балаларына жұмбақ болып қала берді. Әкеміз туралы ақиқат деректерді біле алмадық. Ол кездері заман басқа еді ғой. Балаларының болашағын ойлаған үрейі болар, әке-шешеміз соғыс туралы айтуды ұнатпайтын. «Қойыңдаршы, еске түсірткізбеңдер, құдай басқа бермесін!» – деп отыратын. Кейбір деректерді біз жолдастарының хаттарын оқу арқылы білеміз. Ол кісілер іздеп келді де.

Әкеміз момын, үндемейтін сауатты кісі болатын. Есепке де жақсы еді. Газет-журналдарды көп оқитын. «Социалистік Қазақстан», «Коммунизм таңы» газеттерін үзбей алып тұратын. Сабақтан келгенде ас ішіп отырып, балаларға газетті дауыстап оқып беретін. Талқыға салатын. Барлық балалары жоғары білім алды, бірақ еш біреуі журналистика мамандығын таңдаған жоқ.

Бірақ Манаш аға айтып отыратын, менің тарихқа, әдебиетке құштарлығым нағашымнан жұққан деп. Манаш аға жазуға шебер еді. Өзінің кітаптарын сыйға тартқанда бетіне: «Үйдің жақсысы ағашынан, баланың жақсысы нағашыдан», – деп қолтаңба жазатын.

Шешеміз Қантай ауылда сыйлы келін болды. Үлкендер «Солдат келін» деп атайтын. Мінезі ашық, тік сөйлейтін, шындықты жақсы көретін. Денсаулықтары мықты, қуатты кісілер болды. Ешқашан дәрі-дәрмек ішіп, ауырып жатқан емес. Шешеміздің басы ауырып, балтыры сыздай қалса, моншаға жүгіретін. Елдің адамдары ата-анамды әлі күнге дейін аңыз қылып еске алады.

Әкеміз Ахмет 70 жасында, шешеміз Қантай 77 жасында дүниеден өтті.

Балалардың үлкені Дина – Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, Мұхит – экономист, Талма – банк қызметкері, Алма – «Қараталда» қызметте, Абай – полковник, Жанкелді – үлкен кәсіпкер.

Бүгіндер майдангерлердің жиырма шақты немере-жиендері бар, олар майдангер ата-әжелерін мақтан етеді.

СУРЕТТЕРДЕ: Ахмет пен Қантай, 1980 ж.; кіші сержант Қантай және ол өмірінің соңғы жылдары; тұтқында бірге болған В.Лукин.

Суреттер Омархановтардың жеке мұрағатынан алынды.

● "БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2020"

**Хамитбек
МУСАБАЕВ**

Аманкелділіктер асыл тұқымды ірі қара мал өсіруде облысымыз бойынша алғы шептен көрінуде. Атап айтқанда: былтырғы жылы ауданда "Сыбаға" бағдарламасын игеру жоғары деңгейге жеткізілді. Жыл ішінде бағдарламаға қатысқан 6 шаруа қожалығы 182 ірі қара сатып алып, тапсырманы 256,3 пайызға орындап шықты. Солардың бірі – ауданның ең шал-

Олардың бәрі қазақтың ақбас тұқымды сиырлары. Былтыр "Әулие-көл" асыл тұқымды 2 бұқа әкелді.

Өткен жылдың аяғында "Құлан" бағдарламасына қатысып, 4 асыл тұқымды айғыр сатып әкелді. Бұлардың 2-уі – "Мұғалжар", 2-уі – "Көшім" асыл тұқымды жылқылары. Осы 4 айғырды Ақтөбе облысының Атырау облысымен шектесіп жатқан өңірінен арнайы техникамен барып алып келді. Оларды сатып алғаннан, жеткізу қиынға түсті. Техника жалдауына тура келді. Желтоқсанның



Орындалуын уақыт көрсетеді ғой. Маған аудан басшылығы тарапынан болсын, ауыл басшылығы тарапынан болсын тиісті көмек болып тұр. Менің де мақсатым – өзім сияқты мал өсірушілермен бірге туған ауылым Ақсайды дамытып, өркендетуге үлес қосу. Баяғыдай емес, қазір мал аз ғой. Сондықтан, жайылым жетеді. Су байлығы да аз емес. Бізге тек нәтижелі жұмыс жасасақ, жетіп жатыр, – дейді шаруа қожалығының төрағасы Сағындық нық сеніммен.

Біз онымен бірге шаруашылығын аралап көрдік. Қоралары өзі айтқандай жақсы жасалыпты. Ал алыстан әкелген асыл тұқымды айғырлары жабық қараңғы қорада бос жүр екен. Сондықтан оларды

ауылын түлеткенге не жетсін?! Сағындық аз уақыт ішінде асыл тұқымды ірі қара мен жылқы өсіруді сәтті бастап отыр. Болашақта біз оның осы салада жақсы нәтижеге жететініне сенеміз, – дейді аудан әкімінің орынбасары Талғат Тойшыбекұлы Карбозов.

– Мен де кезінде Сағындық секілді совхоз директоры болып қызмет істедім. Өмірлік тәжірибеден байқағаным – мал тұқымын асылдандырмай болмайды. Көп нәрсе тұқымға байланысты. Сағындықтың сатып әкелген айғырлары жергілікті жылқыларды асылдандыруда оң нәтижесін береді деп есептейтін. Мұның үстіне бұл айғырлар атақты "Көшім" және "Мұғалжар" асыл тұқымдарынан. Әсіресе, "Көшім" жылқысының тиімділігі мол. Бұл ретте Сағындық ауданымыз бойынша асыл тұқымды жылқы өсірудің бастамашысы болып отыр. Оған осы істе әріптесі ретінде тек қана табыс тілейміз, – дейді аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Ерлібек Қасымбекұлы Ещанов.

Иә, батыр атындағы ауданда асыл тұқымды жылқы өсіру ісі осылайша қолға алынып отыр. Бастама жаман емес. Сағындықты қолдаған "Жұман" шаруа қожалығының төрағасы Жақсылық Мырзекеев те таяуда асыл тұқымды жылқылар сатып әкелмек. "Көз – қорқақ, қол – батыр" деген ғой. Тәуекел етіп, сол "батырлықты" танытқан Сағындыққа ақсаялықтар да және барша аманкелділіктер де тілектес болып отыр.

Аманкелді ауданы.

СУРЕТТЕ: асыл тұқымды мал өсіріп отырған "Гаухар" шаруа қожалығының төрағасы Сағындық Молдатаев. Суретті түсірген автор.

“ГАУХАР”

АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ ӨСІРУДЕ

ғайында орналасқан Ақсай ауылдық округіндегі "Гаухар" шаруа қожалығы. Бұл қожалық осыған дейін ірі қара өсірумен айналысып келсе, былтырғы жылдың аяғынан бастап жылқы шаруашылығын дамытуды да қолға алды.

Шаруашылық төрағасы Сағындық Молдатаев – кезінде совхоз директоры болып қызмет жасаған, ұйымдастыру қабілеті мол азамат. Ол соңғы екі жылға дейін Қостанайдың маңында тұрып келді. Аудан басшылығы Сағындыққа елге оралып, мал шаруашылығымен айналысуға ұсыныс жасады. Ол отбасымен және ағайын-туыстарымен ақылдаса келе, өзі және ата-бабасы туып-өскен Ақсайға қайта оралды. Келген бетте "Сыбаға" бағдарламасына қатысып, несиемен 100 ірі қара сатып алды.

аяғында, қақаған қыс ішінде 1300 километр жерден алып келген осы 4 айғырды қазір арнайы қорада ерекше күтімге алып, бағып отыр. Бұл айғырлардың әрқайсысының салмағы 500 килограмм тартады.

Аз уақыттың ішінде мұндай жұмыстарды жасау – әрине, іскер адамның қолынан келетіні белгілі. Қазіргі таңда Сағындықтың меншігіндегі биелер тебінде бағылуда. Ал ірі қаралары арнайы орында күтілуде. Малдарының күйлері жақсы.

– Амандық болса, таяу жылдарда жылқыны 300-ге, ірі қараны 400-ге жеткізуді жоспарлап отырмын. Қазірдің өзінде қолдағы малдың өнімдерін Шымкент және Қостанай қалаларында сатқызудамын. Біздің өңірдің малының етіне деген сұраныс жоғары. Себебі, жеріміз

құнарлы шөпке бай, өзендеріміздің суы таза. Біздегі Мойылды өзені – атына сай мойылды десе мойылдай. Қазіргі таңда 5 адамға жұмыс беріп отырмын. Олардың екеуі жылқыны тебінде бақса, үшеуі ірі қараны жайлайды. Жем-шөп жеткілікті. Қора-қопсыларым жайлы. Былтырғы жазда бұрынғы "Бүйректал" совхозының бос қалған бірқатар құрылыстарын алып, оларды жөндеуден өткізіп, игілігін көріп отырмын. Жем-шөпті құнарлы қалпында ерте шауып, жинап алдық. Төрт түлік малымыз таза су ішін деп қорамның жанынан құдық қаздырып алдым. Оның суы мол. Қысы-жазы игілігін көрудеміз. Әрине, жан қиналмай, тән рахат таппайды. Мал өсіруге саналы түрде келдім. Жоспарым көп. Бірақ оны алдын-ала айтпай-ақ қояйын.

суретке түсірудің орайы келмеді. Бірақ, асыл тұқымның аты – асыл тұқым ғой. Жылқылардың күйі өте жақсы екен. Біздің Торғайдың жылқыларына қарағанда еңселі де ірі, шомбалдай зор. Денелері тұтас біткен. Бұл айғырлар үйірге түссе, әрине, жылқы тұқымының асылдары сөзсіз.

– Біз Сағындықтың өмірбаянымен жете танысып шықтық. Ол мал шаруашылығы саласында жемісті еңбек еткен азамат. Кезінде Қостанай облысында совхоз директоры да болып істеген. Оның елге келіп, мал өсірумен айналысуына кеңес бергенімізде, ұсынысымызды қабыл алғанына қуандық. Азаматқа Қазақстанның қай жері де болсын атамекен ғой. Бірақ, болсада мал шаруашылығымен айналысқаннан кейін шалғайда жатқан өз

ҰРПАҚТАР сабақтастығы

**Айтолқын
АЙҚАДАМОВА**

Кітапхана қазіргі кезде ақпараттық, ағартушылық орталық қана емес, сондай-ақ кездесулер мен пікір алмасулардың және әркімнің өз ойын ашық айтар азат алаңына да айналып отыр.

Облыстық кітапхананың қонақжай бөлмесінде бұл жолы екі дәуірдің ұрпағы бас қосты. Баршаға ортақ болған тақырып "Бұл – біздің заманымыз". Ұрпақтар арасындағы пікір алмасу еркін әрі ойды ашық, жеңіл жеткізумен ерекшеленді. Кездесуге облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ж.Мақанов, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары В.Семенов, ақын, аудармашы, баспагер А.Тарасенко, өлкетанушы, публицист, отставкадағы подполковник, ҰҚҚД Қостанай облысы бойынша мұражайының директоры А.Қаратаев секілді аға ұрпақтың өкілдері шақырылды. Ал жастар атынан облыстық жастар ісі жөніндегі басқарма басшысының м.а. Д.Қарымсақова, қалалық мәслихат депутаты Т.Антонинова, "Жас Отан" жастар қанатының өкілі Е.Төлетаев, аймақтық КТК жетекшісі М.Бәкір қатысты. Сондай-ақ көрермен ретінде студент жастар да келді.

Алдымен сөз алған аға буын, өз заманы жайында ашық та қызықты әңгіме өрбітті. Адами қасиет, патриоттық сезім, Отанға деген адалдық тақырыбында ойларын ортаға салды. Жастар жағы да қысылмады, олар да өз пікірлерін білдіріп отырды. Динара Қарымсақова: "Жастарға сену керек" десе, Татьяна Новикова "Жаңалықтан артта қалмай қашанда алдында жүру керек" деген ойын қосты. Әрине, жас болғанға не жетсін. Жалындап,



уақытты еншісіне бағындыра білетін жастар елдің келешегі болатыны шындық.

Ақыр аяғында Отаныңды қаншалықты сүйсең, патриот болсаң, сенің еңбек етуің, еліңнің дамуы мен гүлденуіне қосар үлесің де соншалықты маңызды деген ортақ пікірге тоқтау жасады. Отырыста Жанділде Мақанов "Оқитын өлке" жобасы жайында автор ретінде кеңінен әңгімелей кетті. Кітап оқудың пайдасын тереңірек түсіну керек жастарға. Ол үшін осындай жобалардың маңызы жоғары.

Қазақстанның болашағы жайындағы бейнеролик пен Қазақстанның бүгінгі жағдайы туралы кітаптар қойылған "Бұл – біздің заманымыз" тақырыптық сересі де кездесуге келгендердің қызығушылығын тудырды. Кездесуді жүргізген Д.Дәуренбекова келгендердің барлығын кітапхананың бай қорын пайдалануға, дәстүрлі және сандық нұсқадағы әдебиеттерді, ақпараттарды көбірек оқуға шақырды.

СУРЕТТЕ: пікір алмасқан екі ұрпақ өкілдері.

Меморандумға қол қойды

**Қарлығаш
ОСПАНОВА**

Әлемдік дағдарысқа орай, Елбасы үкіметтің кеңейтілген отырысында кәсіпорындарда өндіріс көлемі төмендесе де, жұмыс орындарының қысқаруына жол берілмеуі қажеттігін қадап тапсырған болатын. Осыған орай, біздің облыстың аудан, қалаларында да жұмыссыздықтың алдын алуға бағытталған тиісті жұмыстар қолға алына бастады.

Алтынсарин ауданында да орта және шағын бизнесті өркендету аясында халықты жұмыспен қамту мәселесі өз шешімін тауып отыр. Бүгінде ауданда үш мыңға жуық адамды еңбекпен қамтып отырған осындай 505 орта және шағын бизнес субъектілері жұмыс істеуде. Өткен жылдың өзінде ауданда жаңадан жиырма кәсіпкерлік субъектісі ашылған көрінеді. Сондай-ақ, "Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасы шеңберінде төрт кәсіпкерге 1 млн. 402 мың теңгеге инвестициялық қолдау көрсетілген.

Қазіргі таңда әлемдік дағдарысқа байланысты ауданда жұмыссыздыққа жол бермеу аясында орта және шағын бизнесті дамытып отырған кәсіпкерлермен меморандумға қол қою басталды. Мәселен, жақында ғана жергілікті билік осы жұмыссыздықты болдырмау, еңбеккерлердің жалақысын қысқартпау мақсатында "Зуевка", "Темте", "Парасат", "Айдала", "МельАгроПром", "Сосновый бор" тәрізді ірі серіктестік басшыларымен меморандумға отырды. Аудан әкімі Б.Ахметовтың айтуынша, Елбасының жұмыс орындарын қысқартпау туралы тапсырмасына орай, мұндай меморандумға қол қою жұмыстары тек ірі серіктестіктермен ғана шектелмейді, әріқарай жеке шаруа қожалықтарымен де жалғасын табатын болады.

Алтынсарин ауданы.

«Қостанай таңы» – менің газетім

Біздің қатарымыз газет-журнал, кітап оқуға жас кезімізден қалыптасып өскендіктен, оған деген ықыласымыз ерекше. Сонау Советтік дәуірде бұл басылымдарға уақытында қолымыз жете бермейтін еді. Мектеп қабырғасында оқып жүрген кезімізде қолымызға бір кітап түссе болды, қолдан-қолға тигіз-

ауызды, қызыл тілдің шешендері жайлы тереңірек жазылып тұрса кейінгі ұрпақ үшін өте қажет-ақ.

Жер-су атаулары туралы Шөптібай Байділдиннің жазғаны өте дұрыс болған деп білемін. Бұл тақырып көпшілікке таптырмас дүние. Ел мен жердің тарихын таныстыру келешек-



Берері мол

бей оқитынбыз. Кітапты бұрын оқыған балалардан мазмұнын сұрап, талқыға салатын едік. Ал журнал кездесе бермейтін еді. Газеттің өзі сирек келеді. Ондайда басымызды алмай өзіміз бір оқып шығып, ауыл үлкендеріне бар жаңалықты айтып беруді парыз санайтынбыз.

Мен өзім 1966 жылдан бастап «Коммунизм таңынан» бүгінгі облысымыздың айнасы «Қостанай таңы» газетін үзбей зер сала оқып келемін – деп айтсам артық болмас. Облыстық газеттің әр жылдары жазған жаңалықтарының өз ерекшеліктері бар. Бірін жақсы, бірін нашар деп баға беруден аулақпын. Сайып келгенде уақыттың, заманның ілгері құлаш ұрып алға басуы, газетті жақсарта түсуі заңдылық емес пе?!

Облыстық «Қостанай таңы» газеті сан алуан тақырыпты қамтиды. Оның әр нөмірі келген сайын асығып бетін ашып оқуға құмарта түсеміз. Жақсы жаңалық көңіліңді көтеріп тасатаса, жағымсыз нәрсені оқығанда неге бұлай болды деп көңілің құлазып қалатыны тағы бар.

Өткенге зер салып, бағаламай, ілгері басу мүмкін емес. Анығын айтқанда газет кейінгі кезде көпшілікті өзіне баурап алды. Сонау Советтік дәуір кезінде аянбай халық үшін еңбек еткен азаматтар баршылық болатын. Ол кезде олардың еңбегі бағаланбай грамотамен ғана шектелетін. Оның еңбек жолы, мамандығы білімі, іс тәжірибесі, халыққа деген адалдық жолы газет бетінде айқышталып бағаланбайтын еді. Бұл жағдай газет бетінде кейінгі кезде жарық көре бастағаны қуанышқа бөлеп, ризашылығымызды тудырғандай. Сол сияқты облыс бойынша ақын-жазушы, өнер тапқыштардың газет бетінен жиі көрінуі де қуантады.

Арқа жері – Қостанайда өткен ғасырлардан белгілі от

басылым

тің еншісіне қала бермек деп ойлаймын.

Біздің елде атақты ақиық ақын, жерлесіміз, 1950 жылы мұғалім болып жұмыс істеген Ғафу Қайырбеков «Қызбел» жайлы бірнеше өлеңдер жазып қалдырған болатын.

Қатын-қазған,

Төре-түскен, Шара-бас,

Қыз-емшектің

найза тасы жалаңаш,

Терістіктен

Теке-діңі теңбіл көк,

Сипатына кім

қызығып қарамас, – деген өлеңі жер аттарын сипаттап, тарихтың қилы кезеңдерін беріп тұрған жоқ па.

Сонау Мойылды, Дәмді өзендерінен бастау алатын Қоңыраулы өзені төргі ауылды, 60 шақырымға созылып жатқан Сарықопаны суландырып тұрғаны ғажап көрініс бір ганибет.

Осы Қоңыраулы өзенін Ғафу ақын сол жылдары былай суреттеген еді:

Жаз болғанда

қоңыраулатып ағады,

Күйдің шегін

әр уақытта қағады,

Жалғыз жатқан

Қоңыраулының өзені,

Бүкіл аймақ жер суына

қанады.

Қоңыраулы өзені туралы бірнеше аңыз бар. Қоңырау – құлынның мойнына ит-құстан аман болсын деп тағып және де қай жерде жүргенін дыбысынан анықтау үшін тағылады екен. Аңызда қоңыраулатқан күйме жеккен татар байы, тасып жатқан өзеннен өтем дегенде суға кеткен көрінеді. Содан өзен аты «Қоңыраулы» болып қалған

деседі.

Ал Сарықопа тарихы Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романына негіз болған оқиғаның нақты екені рас. Оқиға осы Қызбелде болған ұрпақтары сонда қазір де өсіп-өніп жатыр.

Қазақ даласы тұңған тарих, оны біле жүрген ләзім. Газет осыған жете көңіл бөліп жүр. Ризамын! Тек менің бүгінгі «Қостанай таңынан» көргім келетін дүние – дін тақырыбы. Осы елдің тумасы, Алаштың ардақтысы М.Дулатұлы «Оян, Қазақ» деген өлеңінде:

Көзінді аш оян қазақ,

көтер басты,

Өткізбей қараңғыда

бекер жасты,

Жер кетті, дін нашарлап,

қал қарам боп,

Қазағым енді жату

жарамасты.

– дейді. Бұл әлі де өзекті. Сол себепті Алланы еске алып құрметтеу, кейінгі жастар үшін мағыналы бет бұрыс болары сөзсіз. Осы орайда ақын Жұма-Назар Сомжүректің «Алланың 99 көркем есіміне, 99 көркем жыр» кітабы ойымның өрісін арттырып дем берген сияқты:

Патша Құдай мықты,

әрі өте берік,

Адам боп, жаралмасақ

нетер едік.

Ой берген, ақыл берген,

сана берген,

Алла атын асқақтатып

көтерелік.

Алланы құрметтеу, дінді бекем ұстау, ұрпақты адалдыққа, адамгершілікке, имандылыққа бастайтын нақты жол болмақ деген ойдамын.

Өтеп ЖҮСПҰЛЫ,
зейнеткер.

Айтайын дегенім...

Дүбәра ұрпақ өспесін десеңіз...

Ермекбай
ХАСЕНОВ

Көкейде жүрген осындай сауалға жауап іздеушілер көп. Себебі, сыныпта пәндерді қазақша оқып, үзіліс кезінде оқушылар орысша сайрай жөнеледі. Ұлы болсын, қызы болсын өзара орыс тілінде кеңесіп тұрады.

Бір қарағанда қазақ мектебі оқушыларының қос тілді меңгергені дұрыс сияқты. Тіпті, шет тілін үйренсе, құба-құп. Сайып келгенде, ана тілін жетік білгенге ештеңе жетпейді. Қазақ мектебіне бара тұрып, пән сабақтарын ұға алмаса, масқаралық сол емес пе?

Бұған мына оқиға дәлел бола алар деп ойлаймын. Інілерімнің бірі үйге телефонмен хабарласып мұңын шақты. Баласы бастауыш мектебінде оқыпты. Бесінші сыныпқа барғанда қиналса керек. Ата-анасы кезінде орыс мектебін бітірген. Қазақша оқулықтардағы сөздердің мағынасын түсінбейді. Содан болар баласына үй тапсырмасын орындауға көмек бере алмайды.

Бала ата-анасынан көмек сұрап мазалайды. Пәндік оқулық сөздерін түсінбейді. Мұндайда үйдегі ересектердің барлығы болмағанымен, біреуі қазақ тіліне жетік болғаны дұрыс. Баласымен бірге үй тапсырмасын түсінісіп, орындағаны абзал ғой.

Айтсын, айтпасын, кішкенесінен ұлттық тілде сөйлемеген бала мектепке барғанда мүлде қиналады. Үйде ата-ана орысша мүдірмей сөйлеп, баласы қоса шүлдірлесе, мұның соңы қандай нәтиже бермек?

Сөзіміз жалаң болмас үшін бөбекжайға баратын себи-лер жайына тоқталайық. Мектепке дейінгі мекемелер заман талабына сай жұмыс істеуде. Қазақ тобы тәрбиешілері шәкірттерін ана тілінде сөйлеуін мұқият қадағалайды. Мұндай балалар ертең қазақ мектебінің табалдырығын аттағанда сабаққа алғыр болады. Ұлттық тілде білім алуға құлшынысы да жоғарылайды.

Жалпылай алғанда, себи былдырлап сөйлей бастаған шағынан ұлттық тілдегі сөздердің мағынасын тереңдете үйреткен дұрыс. Себебі, қазақтың төл сөздерінің мағынасы тереңде жатыр.

Таныс замандасым қазақша «Жымыған» деген сөзді баласы бірден түсінбегенін айтты. Өлгі азамат қазақ мектебінде оқығандықтан баласының үй тапсырмасын орындауын өзі қадағалайды екен. «Жымыған» сөзін ұқтыру үшін баласының бетіне тура қарап тұрып, жымыып күліпті. Сосын:

Міне, жымыған деген осы, – депті. Мектеп табалдырығын енді аттаған өлгі оқушы «Жымыған» сөзінің мағынасын осылайша түсінсе керек.

Ауылдан қалаға қонаққа келген қария үйдің ішінде жүгіріп жүрген бес жасар балаға: «Шырақ, бір түйір мақта өкеп бере қойшы» деп қолқа салады. Қазақшалаған себебі, бала ана тілінде жақсы сөйлейді. Түсінігі бар ғой деген ойда болған. Қарияның сөзін бала түсінбей: «Мақта» деген немене деп сұрайды. Қонақ мақтамен құлағымды тазартамын дейді. «Ө, сізге керекі «Вата» ғой деп бала сарт еткізеді.

Бұдан нені ұғуға болады? Тұрмыста қолданылатын сөздерді баламен пікірлескенде жиі-жиі қайталағанның пайдасы бар.

Тағы бір танысым баласының үйіне телефонмен хабарласқанда немересі үйде жалғыз өзі екенін жеткізуді ойлап: «Мен бір» депті. Немересі «Үйде мен бір өзім ғанамын» дегенді ана тілінде жеткізе алмағанына атасы риза емес.

Айта кету керек, қазақ мектептерінің бағдарламасы анағұрлым күрделіленіп кеткенге ұқсайды. Соған көз жеткіздім.

Бірде жетінші сынып оқушысы әдебиет пәні кітабын оқып отырып, шағын әңгіме мазмұнын түсінбепті. Әңгіме авторы – жапон жазушысы. Бірінші жақта әңгімеленетін прозаның тақырыбы «Арқаның хикаясы». Әңгіме тақырыбын оқи тұрып, «Арқа» сөзінің мағынасына түсіне алмай-сың. Адамның арқасы ма, әлде Қазақстанның жер жәннаты – Арқа ма?

Жапон жазушысы өзінің елінде атом бомбасы жарылғанда зардап шеккен жігіт туралы әңгімелеген. «Біреу арқамнан итеріп қалғандай жалп еттім. Жан-жағыма қарап, ешкімді таба алмадым» дейді кейіпкер. Оның жерге құлаған себебі, атом бомбасы жарылған кезде ауа толқыны соғып өткен. Арқасы қатты күйген жігітке бірнеше рет операция жасалған. Сөйтіп, оның арқасы тыртық-тыртық болған. Міне, арқаның хикаясы осындай.

Өрине, шетел әдебиетін мектепте оқытқан дұрыс болар. Дегенмен, ана тілін жетік білмейтін оқушы жапон жазушысының арқаның хикаясы туралы туындысые қалай түсінбек?

Мешітте семинар өтті

Қостанай облыстық Марал ишан мешітінде өңірдегі барлық деңгейдегі имамдардың біліктілігін көтеруге ерекше көңіл бөлініп келеді. Мұндағы қызметкерлер ҚМДБ-ның дін қайраткерлерінің алдына қойып отырған келесі міндеттерін күнделікті жұмыстарында басшылыққа алып отырады.

Облыстың бас имамы Асылхан қажы Түсіпбек бұл өзекті мәселені үнемі қадағалап, жұмыс барысында біліктілік, іскерлік жайларына да жеткілікті назар аударады.

Мәселен, жуырда ғана облыстық мешітте төрт күндік семинар өткізілді. Оған өңірдегі барлық аудандар мен қалалардың имамдары қатысып, көп жайды



көңілге түйді. Онда Ақида, фикһ тақырыптары бойынша дәріс оқылды. Дәрісті облыстық Марал ишан мешітінің наиб имамдары Дархан Сыздықов пен Асқар Мейрамбекұлы жүргізді.

– Біздің мешітте мұндай семинарлар өткізу дәстүрге айналды.

Өйткені оның барша имамдарға берері мол. Сонымен қатар осындай басқосу барысында олар бір-бірімен тәжірибе де алмасады. Болашақта да осындай семинарларды ұйымдастыра бермекпіз, – дейді наиб имам Дархан Сыздықов.



МҰРАЖАЙ жаңарды

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

Лисаковтағы тарихи-құнды жәдігерлер жаңа ғимараттың төрінен орын алды. Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы жаңа нысанға көшті. Жақында ғана ашылған мәдени орынның бүгінгі жағдайымен арнайы таныстық.



Қостанай облысы аумағында қола дәуірінің ескерткіштері осыдан жиырма жылдан астам уақыттан бері қазылып, зерттеліп жатқан Лисаков төңірегіндегі ежелгі мекен де көне заманнан көп мәлімет береді. Зерттеу жұмыстары жүргізілгеннен бері 2 мың шаршы метрден астам қоныстар мен тұрақтар ашылды. Осы кезге дейін Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушысы Эмма Усманованың жетекшілігімен жүргізілген жұмыстар нәтижесінде 300-ден астам ежелгі қорымдар мен тас қорғандар, бес қоныс аршылды, мұнда 40 ескерткіш белгілі болды.

— Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында "Өркен" кен байыту комбинаты жанынан мұражай бөлімі ашылған. 1991 жылы қалалық әкімдіктің қарауына беріліп, Лисаков қалалық "Жоғарғы То-

был тарихы мен мәдениеті" мұражайы деген атауға ие болады. Мұражайда даланың ежелгі тарихы, қала тарихының залы, Еуразия даласы мәдениетінің залы, көркем залы, дала қоры атты бес бөлім бар. Бүгінде бұл тарихи орында археологиялық қазбадан табылған 400-ден аса жәдігер қойылған. Олардың құрамы да қызық. 200-ден астам қыш құмыралар, 40-тан аса қоладан жасалған құралдар, 30-ға тарта сүйектен, қоладан, алтыннан жасалған әйелдердің әшекей заттары бар. Қазақстанда қола дәуірінің ескерткіштерін ең көп жинаған осы Лисаков мұражайы ғана. Мұндай мол олжа осыдан 3,5-4 мың жыл бұрын Тобыл бойында өркениеттің болғанын меңзейді. Тарихшылар оны жасаған біздің дәуірімізге дейінгі II жылдықта өмір сүріп, бірнеше

кезеңдерден тұратын Андрон мәдениеті дәуірінің өкілдері екенін айтады.

Андрон мәдениетінің өзі тарих ғылымына 1911 жылы енгізілгені белгілі. Содан бергі жүз жыл бойы тарихшы-археологтарды адамзат қоғамындағы өркениет ошағының негізін салған ежелгі бабаларымыз өлі де жұмбағын түгел ашпай қызықтырып келеді. Тарихшылардың айтуынша, Еділ-Жайық аймағында, Оңтүстік Сібір, Еуразия орталығында Арий тайпалары қалыптасқан. Осы тайпалар туралы мол дерек қалдырған ең көне зороастризм дінінің "Авеста" кітабында арийлердің мекені туралы да айтылады. Арийлердің жері "Ариан Вайджа" — "арийлер даласы" деп аталды. Ол қазіргі Еділден бастап, Әмудария, Сырдария, Каспий теңізі, Арал теңізі және Памир-Алтай мен Тянь-Шань тауларына дейін созылды. Әрине, бұл аумақтың құрамына Қостанай-Торғай даласы да кіреді.

Лисаков қорымында ежелгі тайпалардың мәдениетінен хабар беретін жүзден аса жерлеу қорған белгілі болса, олардың барлығының өзіндік ерекшеліктері бар. Қабірлердің ішінен ағаш, мата, киіз қалдықтары табылған. Олардың арасында археологияда сирек кездесетін антропоморфтық (адам бейнесі) үлгідегі идолды ерекше атауға болады. "Көсем қорғанын" қазған кезде оның басқа қабірлерден айырмашылығы бірден байқалған, қорғанның сәулеттік жағынан салынуы адам ойының жетілгенін хабар береді.

— Біздің мұражайдағы жәдігерлер ғасырлар қойнауында қалған өркениеттен хабардар етеді, әсіресе қола дәуірінің ескерткіштері ерекше. Оған дәлел — қыш құмыралар қола дәуірінде дамыған қолөнердің көрінісі. Бір қызығы, онымен тек әйелдер айналысқан және ол анадан қызына

беріліп отырған. Жиегінде саусақ ізі бар құмыралар жиі кездеседі, бұл — осыдан 3,5 жыл бұрынғы әйел саусағының таңбасы. Біз мұны дәлелдеу үшін ер кісінің, әйелдің, кішкентай қыз баланың саусақ іздерін түсіріп алып, тәжірибе жасап көрдік. Ер кісінің саусақ таңбасы әйелдің қолына қарағанда ірі, айырмашылығы білініп тұрады. Сосын құмыралар жасаумен арийлер отбасы болып айналысқан деген де қорытынды жасағымыз келеді. Біздің қорда бедерлері, саусақ



іздері бір-бірінен аумайтын құмыралар сақтаулы, — дейді "Жоғарғы Тобыл тарихы мен мәдениеті" мұражайы директорының орынбасары Юлия Буданова.

Андрон мәдениеті, арийлер туралы тарих ғылымында аз жазылмағанынан хабардармыз. Арийлер туралы айтқанда бізде жаңалық ашайық деген ой жоқ. Мақсат тәуелсіздігімізге ие боп, тарихымызды жаңа көзқараспен екшеп жатқан тұста археологияның айғағы да, айтары да, ғылыми маңызы да ерекше екенін еске салу.

Лисаков қалалық "Жоғарғы Тобыл тарихы және мәдениеті" мұражайының аға ғылыми қыз-

меткері Шынар Ермағамбетованың айтуынша, мұнда жоғары сынып оқушылары жиі келеді екен. Мұражай қызметкерлерінің мақсаты оқушыларды тарихтан хабардар ету. Ай сайын қаладағы мектептердің оқушыларын жинап, қазақ, неміс, славян ұлтының өкілдерінің ұлттық қолөнерінен құралған көрмені көрсетіп, тарихы жайында арнайы сабақтар жүргізіп тұрады. Сонымен қатар, сынып оқушылары әртүрлі топқа бөлініп, кесте, кілем тоқу, жіп иіру, саздан құмыра және басқа да қолөнерлер түрлерін жасайды.

Мұнда қазір мектеп оқушыларынан құралған "Атамекен" клубы жұмыс істеп келеді. Мектеп оқушылары осы маңайдағы ауылдардың топонимикасына байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Және жоғары сынып оқушылары жақын маңайдағы тарихи орындарда қазба жұмыстарын жүргізуге тәжірибеден өтіпті. Олар мұражайда түрлі ойындар өткізіп, келушілерге экскурсия жүргізу тәжірибе сабақтарына бейімделеді екен. Қаладан отыз шақырым жердегі Қайыңдыкөл ауылына барып, ондағы құймақұлақ қариялармен кездесіп, көне тарихтан сыр шертетін әңгімелерге қанық болады. Оқушылар сондай-ақ Ново-Ильинов ауылының маңында сынып жетекшілерімен бірге қазба жұмыстарын жүргізуге барып тұрады.

Жалпы мұражайдың бір бөлмесі толықтай қазақ халқының мәдениеті мен этнографиясы, салт-дәстүріне арналып жабдықталған. Мұражай қабырғасында кейбір күндері тарих және археология пәндеріне арналып, ол жалпы теориялық сабақтан басталады. Екінші сабақ тағамдарға байланысты болса, үшіншісі қазақ халқының ойындарын насихаттауға арналған.

Лисаков қаласы.

СУРЕТТЕРДЕ: Лисаков қалалық "Жоғарғы Тобыл тарихы мен мәдениеті" мұражайынан көріністер.

Міндет — жемқорлықтың алдын алу

Жақында облыстық төтенше жағдайлар департаментінде "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуы және парақорлықтың алдын алу" тақырыбы бойынша семинар-кеңес өтті. Оған төтенше жағдайлар органдарының ардагерлер кеңесі, облыстық ІІД, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті, "Нұр Отан" партиясы ҚОФ өкілдері қатысты.

Семинарда сыбайлас жемқор-

лыққа қарсы заңнаманың орындалуы бойынша теориялық білімді жүйелеу, бекіту және талқылау мәселелері көтерілді. Облыстық төтенше жағдайлар органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы, заңдылықтың жай-күйі және тәртібін күшейту жөнінде алдын алуға арналған жұмыстар туралы кадр жұмысы бөлімінің, психологтар, департаменттің қала және аудандық бөлім және басқарма бастықтары мен тәрбие жұмысы бойынша бастығы орынбасарының баяндамалары тыңдалды.

Кандидаттарды іріктеу басталды

ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитетінің Көкшетау техникалық институтына кандидаттарды іріктеудің сапасын арттыру үшін КТИ аға оқытушысы өртке қарсы қызмет капитаны П.Максимов 9-10 ақпан күндері өңірімізде болды. Насихат тобының бірлескен жұмыстарына Қостанай облысы ТЖ органдары ардагерлері кеңесінің төрағасы В.Киселев, департаменттің кадрлық жұмыс бөлімінің бас маманы А.Сармурзина, институттың күндізгі оқу бөлімінің 4-ші курс курсанта Н.Бекетов қатысты. Олар Қостанай қаласы және Қостанай ауданының 5 мек-

тебінде насихат жұмыстарын жүргізді.

Бұның сыртында департаменттің оқу сыныбында институтқа қабылданатын үміткерлер, олардың ата-аналарымен кездесу өтті. Капитан П.Максимов күндізгі оқуға түсудің шарттарын түсіндіріп, ата-аналар қойған сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар оларға оқу орнының даму тарихы мен оқу-зертханалық базасы туралы бейнефильм көрсетілді. Кездесудің соңында кандидаттар математика және физика пәнінен тестілеуден өтті.

Облыстық ТЖД кадрлар бөлімі.

Әлі күнге дейін көз алдымда төргі бөлме толы адам. Бикен жеңешем тек дастарқанды жайып үстіне қант-кәмпитті араласқан бір табақ бауырсақ төкті. Сол кезде аяғын апыл-тұпыл басып жүрген кішкентай бала дастарқанның үстіндегі қант-кәмпитті көріп «мыналар шашылып қалыпты ғой» деп бір-бірден алып кісілердің қолына ұстата бастады. Қонақтар сәбидің бұл қылығына мәз-мәйрам болып күлгендері бар. Үйге кіргенмен бірге кіріп, шыққанмен бірге шығып томпаң қағып жүрген қылығы тәтті бұл кішкентай бала Орал еді.



Сара Кәкімжанқызы
Ыдырысова

қойып отыра қалады мен оларға «Мұңлық-Зарлық», «Көрғұлы», «Аяз би», «Алтын сақа» ертегілерін айтып беремін. Ертеңіне күні бойы кеш батқанын күтіп «Сара тағда ертегі айтып берші» деп кекілі желбіреп Орал соңымда жалынып жүреді. Орал соңғы-көлемнің балаларымен бірге қыста сырғанақ теуіп, жазда асық ойнатын, көлге шомылатын. Бір ерекшелігі әкесі үйде болған күні «әлгі бала қайда жүр» дегізбеуші еді. Ол күні әкесінің жанынан бір елі кетпейтін, домбыра тартқанына қызыға қарап, айтқан әңгімесін үлкен адамдарша ұйып тыңдайтын.

Маған қосылып ол да күліп жіберді.

Қалай болғанмен де Оралдың маған деген көңілі де, ықыласы да ерекше болды. Көрген жерде құшақ жайып амандасатын. Телефонының нөмірін беріп «амандығыңды білдіріп тұр, жұмыстан қолым қалт етсе өзімде хабарласамын» деп мені жас балаша арқамнан қағып, бауырына тартатын еді. Оралдың әр жайды бақылап, назарында ұстап, жарылғанды бүтіндеп, құлағанды көтеріп, қамыққан көңілді жұбата білетін қамқоршылдығы, қарапайымдылығы мен кеңпейілділігінің арқасында Биажан екеуіміз Қостанай-

келісімінді бер. Қалғанын өзім қадағалаймын, оған күмәнің болмасын деді.

Сөз арасында ол: — Сара, менің анам қандай адам болып еді? — деп тағы да сұрады.

— Оралтай-ау, ол кез-

Көңілдің тербеп тұнығын

Күнделікті әдетіммен балаларды таңертең жұмыстарына шығарып салып, үйді жинастырып жүргенмін. Бір уақытта телефон шырылдады. Телефонды көтерсем қызым Зере екен.

— Мама, қайырлы таң. Жақсы демалып тұрдыңыз ба? Қалайсыз? деп сұрап жатыр.

— Жақсымын. Өздерінде не жаңалық бар?

— Бәрі жақсы. Мама, сіз, Орал нағашыммен сөйлесіп пе едіңіз, бүгін түнде түсіме кірді. Қайсын аласың деп ұялы телефоны мен сағатын ұсынды. Мен сағатын алып жатыр екенмін. Телефонның ұсынғаны хабарласпадыңдар ғой деп жатқаны шығар, — деді.

Жүрегім шымыр ете қалды. «Жаратқан ием, өзің жар бола ғар» деп ішімнен қайталай бердім.

Сол екі арада сыртқы есік ашылғандай болды. Қарасам жаңа ғана жұмысқа кеткен балам Гаухар кіріп келе жатыр.

— Бір затыңды ұмытып кеттің бе?

— Жоқ, мама, бүгін үйде боламын. Жұмыстан сұранып келдім, — деді.

Сол күні бауырымнан мәңгілікке айырылғанымды естідім. «Кеше ауыр науқастан соң белгілі мемлекеттік саяси қайраткер, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің 3-4 шақырылымдарының төрағасы, Мемлекет басшысының сенімді серіктерінің бірі Орал Мұхамеджанов дүниеден озды» деп телевизордан үздіксіз айтып жатты.

Мен әңгімемді әріден бастайын. Мұхамеджанның төрт ұлы болды Шайынғазы, Кәкімжан, Кәкімбек, Байғоныс. Қазақта «құдайдан жасырмағанды адамнан жасыра алмайсың» деген қанатты сөз бар. Мен Кәкімжан мен Ханшадан тудым, бірақ кішкентайымнан бастап ес біліп, етек жапқанша Мұхамеджан атаммен Дина әжемнің тәрбиесінде болдым, сол шаңырақта бой жеттім, тұрмысқа шықтым.

Мұхамеджанның әулеті жайлы сөз қозғалған жерде ішкен асын жерге қойып, елең етіп құлақ түрмейтін жан жоқтың қасы десем де болады. Тіл-көз тимесін, бірақ

жаратушы құдыреттің иесі бұл шаңыраққа шешендікті де, ақындықты да, әншілікті де, күйшілікті де үйіп-төгіп берген. Біздің әулетіміздегі ақындық, сазгерлік өнердің тамыры тереңде екені жайлы, ұлы атамыз Өтеулі ақыннан бастау алып тарағаны туралы әр жерлерде айтылып та, жазылып та жүр. Соғысқа дейінгі жылдары Байғоныс ағаның Қостанай облыстық филармониясында әнші болғанын айтпағанда, қалған ешқайсы өнер жолын құған жоқ, тек қана жандарына серік етті. Олар елдің өркендеуіне үлес қосатын, халықтың игілігі үшін тер төгіп жемісін көретін еңбек жолын таңдады. Кезінде Торғай боксит-кен рудасында қарапайым кен қазушыдан бастап, сол мекемеде бірқатар жетекші қызмет атқарған бауырым Сейден Кәкімжанұлы партия мүшесі, Еңбек Ері болды, елде отырып Шопан атаның таяғын ұстаған інім Таңатқан Кәкімжанұлы да ащы тердің арқасында талай марапаттарға ие болды, екеуіне де партия сенім артып, халық қолдап аудан, облыс көлемінде депутаттыққа сайланды. Ораз Байғонысұлы Арқалық педагогика институтында математика, информатика және қолданбалды математика пәнінен дәріс беріп, шәкірт тәрбиеледі, ҚазГУ-дың аспирантурасын бітірді, диссертация қорғап, ғылым кандидаты атанды, оның соңғы жұмыс істеген ортасы Астана қаласындағы Л.Гумилев атындағы университет болды. Өзі әке, өзі ана болып аялап өсірген қыздарына жоғары білім беріп, аяқтандырып, өмірдің сүрлеу жолында Гүлнарды жолықтырып, шаңырақ көтеріп, отбасының рахатын енді көріп, көңілі орныққан шақта, аққан жұлдыздай болып ортамыздан кете барды. Бірақ бұның бәрі жеке әңгіме...

Сонымен Байғоныс аға филармониядағы жұмысын тастап, отбасымен Қостанайдан елге келді. Ауылнай болып қызмет етті. Өзі де жұмыс бабымен ауыл-ауылды аралайды, ауылнайдың үйі деп атбасын бұрып келетін кісі аяғы да қысы-жазы бір толастамайтын. Қыз бала болсам да келген кісінің атын өңгеру, ер тоқымын алып суыту, таң асырып жем-суын беру менің міндетімде болды. Оның сыртында алты-жеті шақырым жерден иін ағашпен күніне бірнеше рет су тасимыз. Кешкілік ұйықтар алдында үйдегі балалар май шамды ортаға

Байғоныс аға аққұба өңді, ұзын бойлы, иықты, тәкәппар кербезділік пен қарапайымдылықты қатар ұстаған, тазалық пен ұқыптылықты сүйетін, жақсыға жаны құмар, әдебиет пен тарих төңірегінде әңгіме айтқанда «жілігін шағып майын ішкен», адал еңбегінің арқасында ел құрметіне бөленген кісі еді.

Жылдар өте әкесінің осы қасиеттерінің бәрі де Оралдың бойынан табылды.

Орал бала күнінен зерек, ынталы, ұқыпты болды. Байғоныс аға осыны байқады ма, әлде қызмет етіп жүріп бір жайдан ой түйді ме, әлде алысты болжағаны ма әйтеуір Оралды орысша оқытуды ойлады. Сөйтіп Ушаков ауылындағы орыс кемпір мен шалдың үйінде тіл үйреніп Оралдың бір жыл қыстап келгені есімде. Байғоныс аға шай үстіндегі әңгімесінде «Ушаковтағылар енді бір жыл бола тұрсын деп баламды өзіме қайтарғылар келмейді, әбден бауыр басып қалған», — деп күліп әңгімелеп отыратын.

Орал менен сегіз жас кіші болса да, менімен тең сөйлесіп, әзілдеп күлдіруші еді. Жас күнінде Орал Бүйректалға жиі келіп «Сара, үйдесің бе? Қалдарың қалай?» деп еркін сөйлеп, есіктен еркелей кіретін, он-он бес күн болып қайтатын. Сол Бүйректалдан Жұмағали, Еркін, Сапар сынды жақын жора-жолдас тапты. Олармен өмірінің соңына дейін араласып, үзбей сыйласты.

Орал екеуіміз кездесе қалған кездегі әңгімеміз де қызық болушы еді. Ол менің жеке басымды, балаларымды қойшы өзің қалайсың деп денсаулығымды сұрап құрақ ұшушы еді. Мен болсам отбасы ошақ қасындағы әйел адаммын. Көбіне өзімді ұмытып балалардың қамын ойлаймын. Себебі балаларымның бірі оқуды бітіріп, бірі оқуға түскен кезеңі қайта құрудың аласапыран уақытына түспа-түс келді. Бірде Оралмен ойда-жоқта кездесіп қалып тәп-тәуір әңгімелесіп отырғанбыз. Сөзден сөз туындап бір баламның жұмысын айттым. Бірде болмаса бірде ойында жүрсін, саған айтпағанда кімге айтамын деп жатырмын. Ол үнсіз тұндап алды да, шорт кескендей етіп:

— Әй, Сара, мен саған трактористке күйеуге шық, — деген жоқпын демесі бар ма.

— Ойбу, манадан бері несіне тыңдап отырсың. Желге кеткен сөзім-ай деп күліп жатырмын.

дың Сосновый бор шипажайында демалдық. Оралымның бір ауыз сөзін жерге тастамай, шипажайдың қызметкерлері бізді алақандарына салып күтті. Сый-сияпаттарын аяған жоқ.

Орал соңғы жылдарда анасын көп есіне ала беруші еді. Анасының құлпытасын жаңартты. Елге барып ас берді, дұға қылып, құран бағыштады.

Неге екенін білмеймін, сонда да оның көңілі тыныштамағандай болды. Олай дейтін себебім Орал екеуіміздің соңғы кездесуімізде де ол анасы жайлы сөз қозғады. Ол былай болған еді. Орал қайтардан бір жыл бұрын менің денсаулығым да сыр берді. Дәрігерлер жақсы ауру емес екендігін айтты. Кезінде 11 құрсақ көтердім, оның үстіне ауылдың қырық жылғы бейнеті бар, 73-ке қараған жасымда операцияны көтере аламын ба, жоқ па деген ойда жүрген едім. Күндіз балалар жұмыста, өзім үйде жалғыз қаламын. Жаз айы, күндізгі он жарым он бірлердің шамасында керегімді алып келейін деп үйдің маңындағы дүкенге бардым. Аз-мұз саудамды жасап, үйге қайтып келе жатсам, ауладан бір таныс бейне көрінеді. Мына кісі Оралға ұқсайды екен деп ойлады. Ол да мені байқап қалып:

— Ау, Сара қайдан келе жатырсың, айналып үйіңді таба алмай жүрмін, — деді.

— Адаққан жоқсың, дұрыс келгенсің, үй осы ғой алдың да тұрған.

— Қай уақытта өзгертіп үлгерген сырты бұндай емес сияқты еді ғой?

— Үкіметтің жаңа бағдарламасына осы қалада алдымен біздің үй ілігіп, жақында ғана жөндеді. Менен сауатты адамсың, манадан бері адасып жүргенше, телефоныма звондап үйіңнің нөмірі қандай еді деп сұрамайсың ба? Осы сендер елді қалай басқарасыңдар, осындай ұсақ-түйекті білмейсіңдер дедім күліп.

— Сол ойыма келмепті, — деп ол да күліп жатыр.

Екеуіміз үйге көтерілдік. Амандық-саулық сұрасып болған соң:

— Сара, бәрі жақсы деп менен жасырып айтпай отырсың ғой, бірақ сенің сырқаттанып жүргеніңді естіп, келіп отырмын. Қазір медицинаның жетілген заманы. Қандай ауруға да ем табады. Әлдеқалай болады деп уақытты өткізіп алма. Дәрігерлер қалай емдейміз десе де

де сен ес біліп қалған баласың қалай есінде жоқ дедім.

— Ұмытып қалыпшын, қанша тырмыссам да есіме түсіре алмаймын, алыстан сағым сияқты ыстық бейнесі ғана елес береді. Тірі болғанда менің жанымда болып, Еркінімнің тойында төрде отырар еді, — деп көңілі босады.

— Сендердің аналарың, Бикен жеңешем аққудың көгілдіріндей көрікті, мінезі жібектей адам еді. Оның қонақжайлылығы сондай қай мезгілде келсе де кісіні қабақ шытпай күтіп алатын. Әрі шебер болды, оның қолдан тіккен киімдері дүкеннен алғанмен теңдей еді. Қайтейін жаратқан иеміз қысқа ғұмыр берді. Төртеуінді дүниеге әкелген соң, небары 29 жасында бақилық болды ғой. Ана деген қашанда тілекші емес пе, аруағы желеп-жебеп жүрер. Бикен жеңешемнің көрмеген қызығын көріп, жасамаған ғұмырына жетіндер, — дедім. Осыдан кейін ана-мынаны айтып жарты сағаттай отырдық. Ол кетуге ыңғайланғанда — «Сенің қант диабетің бар, ақ нан жемейсің, майда жеуге де болмайтын шығар енді не ауыз тиесің» деп ас бөлмеге қарай жүрдім. «Сара сен қызықсың, сары май жегеннен өліпті деге қазақты естіп пе едің. Майың мен нанымды әкеле бер» деп күлді. Кетерінде қолымнан қысып «Сара, денсаулықтан асқан еш нәрсе жоқ. Жаңағы айтқан сөздерімді ұмытпа. Аман болайық» деді. Осынша жасқа келсем де Оралдың айтқан әр сөзі, оның күлгені, қарапайым отырысы жанымға қуат беруші еді, оның бар болғанының өзін үлкен демеу көретінмін. Өзі сырқаттанып жүріп, мені ойлады. Телефон соғып «Сара, көктем келді көкке ауызғы жетті ғой, — деп әзілдеп. Енді бәрі жақсы болады. Әлі де он-он бес жыл жаса. Тілектеспін» деген сөздері ойымнан шықпайды.

Оралым, Оралтайым... Жаратушы ием бақ берген, жақсы-жайсаңдармен тең жүріп, дәмдес болуын нәсіп еткен әкесінің емес, халқының ұлы болуы несібесіне жазылған құлыным. Әттең, дәм-тұзың ерте таусылды. Өкініштің орны толмайды. Иә, өткен күндер елес. Жалған дүниеде біз бір жол кезген жолаушымыз... Қайран бауырым, Алла иман байлығын беріп, жаның жұмақтың төрінде болсын.

Астана қаласы.

● СОЛАЙ БОЛҒАН

Мұрағат сыр шертеді

Сарғайған газет беттерінен

**Ермекбай
ХАСЕНОВ**

4. Аға буын тілшілер белсенділік танытқан

Газет тігіндісін ақтарып отырып, аға буын тілшілердің есімдерін оқыдым. Солардың бірі – Ғұбай Өбілов.

Бұл кісіні "Коммунизм таңы" газетіне, 1975 жылы қызметке орналасқанда редакцияда кездестірдім. Ауылдың тұрғыны бола жүріп, газетті жаздырып алып, оқығанда Ғұбай Өбіловтың мақалаларына назар аударатынымын. Ағалы, інілі болып, қызметті он жылдай бірге атқардық.

"Болшевиктік жол" газетінің 1947 жылғы бірінші январьдағы Ғұбай Өбіловтың

"Жаңа жыл жыры" өлеңі жыр сүйер қауымды қуантқан.

Елуінші жылдарда Ғұбай – Ғұбекеңнің белсенді журналист екенін дәлелдейтін "Совет халқының ынтымағы нығая берсін" мақаласы көзіме ілікті. Онда автор Қостанай қаласындағы "Большевичка" тігін фабрикасы жұмысшылары мен қызметкерлері жиналысында ұжымның алға қойған мақсатын баяндайды.

19 февраль күнгі сандағы Ғұбай Өбіловтың "Дала капитаны" атты суреттемесі де мазмұнды. Мұнда Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, орденді тракторшы Қожақмет Игіліковтың ерен еңбегі суреттемеге арқау етілген. Урицкий ауданындағы Шевченко атындағы колхоздың механизаторы Игіліковтың ортақ істер жолындағы ізденісі басқаларға үлгі болған.

Тағы бір қаламгер ағамыз Молдахмет Ғалымжанов

қазіргі Денисов ауданында жауапты қызметтер атқарды. Жетпісінші жылдары біздің газеттің Орджоникидзе ауданы бойынша меншікті тілшісі болды. Ғалымжанов ізденгіш журналист ретінде танылды.

1950 жылғы 5 майдағы, №89 санды "Мал өскен колхозда" деген Н.Саналинмен бірлесіп жазған Молдахмет Ғалымжановтың мақаласы жарияланған.

Хамит Жансарин де елуінші жылдары газетте қызмет істей бастапты. 1950 жылғы 11 июнь күнгі санды Хамит Жансариннің "Озат бригададағы жаздың бір кеші" мақаласы тартымды екен. Бұл кісімен де жетпісінші жылдары қызметтес болдым. Қаламы ұшқыр журналист жетпіс жасқа таяғанға дейін газеттен қол үзбей, еңбек етті.

1954 жылдың 1 январьдағы (4850) №257 санында Хамит Жансариннің "Өміріміз гүлде-

нер күннен күнге" атты көлемді мақаласы газеттің бірінші бетінен басталады.

Сафаржан Хайдаров елуінші жылдары "Коммунизм жолы" газетінің редакторы міндетін атқарған. Соған дейін Хайдаров Семиозер аудандық газетінде секретарь болған екен. С.Хайдаров облыстық газетке мақала жазып тұрған.

Журналистік қызметте маған ұстаздық жасағандардың бірі – Бексұлтан Бекентаев. Жітіқарадағы меншікті тілші Бекеңнің жазған мақаласы көзіме оттай басылды.

Газеттің 1951 жылғы 10 апрельдегі №71 (5085) санында Бекең "Жітіқарада тұқым егіске әлі де дайын емес" деген мақаласын сынға құрастырған.

Сол кездегі тілші Ш.Бисенбаев та сын мақала жазыпты. "Семиозерда ырғалып, жыргалушылық күшті" мақаласы соның дәлелі.

Әнуар Меңдібаев та белсенді тілші болған. Оның мақалалары Таран ауданынан жазылған. Құрметті демалысқа "Коммунизм таңы" газетінен кеткен Әнуар ағайдың уақытпен санаспай еңбек еткенін мен де байқадым.

Әлі есімде, Қуаныш Шәмшиев газетке студент кезінен қарым-қатынас жасағанын маған айтқан-тын. Қостанай ауыл шаруашылығы техникумында оқығанда тамақ ішуге ақша жетпегенін Қуаныш Ағыбайұлы тілге тиек еткен болатын. Торғай даласында өскен жас жігіт тілге бай. Сабақтан қолы босағанда мақала жазады. Газетке жарияланған материалдарына қомақты қаламақы алыпты.

Қуаныш Шәмшиевтің бұл оқиға жайлы әңгімелегеніне көп уақыт өтті. Газет тігіндісін ақтарып отырып, оның мақаласын тапқанда, қарияның айтқанын есіме алдым.

Студент қаламгер материалына "Мал шаруашылығы" айдарын арқау еткен. "Төл алуға басшылық жоқ" атты кеңейтілген хабарда кінәлілерді сынапты.

● ДІНІҢ – ДІҢГЕГІҢ

Ойланатын күн туды

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізгеніне де ширек ғасыр болып қалды. Кеңес заманында талайлардың арманы болған – ата дінімізді қайта жаңғыртып, намазымызды оқып, Аллаға құлшылығымызды еркін жасасақ деп көксеген күніміз туып, жұрт дінге бет бұрды. Сол жылдары еліміздің біраз жерлерінде балаға дейін ораза тұтып, "үлкенімін" дегендер дін жолын ұстануға әжептәуір құлшыныс танытты. Бірақ, өкінішке қарай, арада 3-4 жыл өтпей жатып, солардың көбі намаз оқудан да, ораза тұтудан да теріс айналып шыға келді. Қазіргі кезде еліміздің барлық мешіттерінде жұма намазына қатысатын бауырларымыздың дені жастар екенін көреміз. Баяғы "мен үлкенімін" деп кеуде соғатындардың қатары 20-30 жас шамасындағы жастардың арасында ат төбеліндей ғана. Әр уақыттың өз белгісі мен құндылығы бар. Қазіргі уақыттың ең басты құндылығы – Алла Тағаланың адам баласына бұйырған тура жолынан таймау. Ал сол жастардың қадірлі тура жолды таңдауына біз қандай мүмкіндік жасап отырымыз? Дінге ұмтылған жас балаға отбасында ең болмаса дін ілімі негіздерінен түсінік беріп, жөн сілтер жан бар ма? Өйткені әке-шешесі түгелі, ата-әжесінің де діннен хабары шамалы. Міне, осындай ортада өсіп-өнген бала ілім-өнеге берер адамды қайдан табады? Өмірде ерқашанда жоқ нәрсенің орнын бар нәрсе толтырып отырады. Білім жоқ жерде надандық, жақсылық жоқ жерде жамандық жүретіні белгілі. Сондықтан дін

түсінігін ізденіп, білімді, білікті ұстаз таба алмаған бала, күндердің күнінде көшеде, ақиқат діннен хабары жоқ уағыздаушыға тап болып, соның соңына ілесіп кетуі неғайбыл.

Халқымызда: "Атанға туған күн, ботаға да туар" деген сөз бар. Мүмкін сіздің де соңыңыздан ерген ұрпағыңыз бар шығар? Ертенгі күні бұл мәселе сіздің де басыңызға келмесіне кім кепіл? Діни надандықтың залалы тек жеткіншек жастарға ғана зиянын тигізумен шектелмейді. Осыдан 130 жыл бұрын жерлесіміз Ы.Алтынсарин атамыз "Мұсылманшылықтың тұтқасы" (Қазан баспасы, 1884 жыл) атты кітабында былай деп жазған екен:

"...Ләкин (бірақ), ислам мәнісін білмек әрбір мұсылманның өз басына парыз әлгі рәуишсе, мұсылманшылықтың шартын ел ішінде молдалары біліп, бөтендері білмегенмен, бұл білмегендердің мойнынан парыз түспейді. Парыз түсу түгіл, бұл мұхтаж шарттарды білмеген кісі мұсылман да болмайды. Құдай Тағала өзі сақтасын?! Соның үшін бізбен қатар татар, түркі және басқа халықтар аят, хадистың керекті бұйрықтарын өз тіліне көшіріп, түсінетін кітаптар шығарып, дін ғылымын жұрттарына жайды. Бірақ біздің қазақ тілінде түсініп оқитын бірде-бір кітап жоқ. Сол себептен жалғыз кітап таныған молдалар болмаса, көпшілік өзінің діні не екенін де толық түсінбейді".

Бүгінгі таңда қазақ тілінде діни кітаптар да баршылық, пайдалануды білген адам ғаламтордан да қажетті ақпарат ала алады. Бірақ сол "жабулы қазан жабу-

лы қалпында" қалып отырған сыңайлы. Үлкендеріміз надандықтың салдарынан, жастары 60-70-тен асса да: "Мен, намаз оқымасам да, еш күнә жасамаймын, менің жүрегім таза екені бір Аллаға аян!" деп, Алланың мұсылманға парыз еткен бұйрықтарын жоққа шығарып, одан сайын ауыр күнәға батып, тіпті, діннен шығып кеткенін де білмей жүр.

Мұндай кісілер иман келтірудің мағынасын түсінбейді және түсінуге талпынбайды да. Себебі, олар күнделікті бес уақыт намаз оқымайды, зекет бермейді, ораза ұстамайды, халал (рұқсат етілген) мен харамды (тыйым салынған) ажырата алмайды. Ондай адамдар туралы қасиетті Құранда айтылған (мағынасы): "Кейбір адамдар айтады: "Аллаға және Ахирет Күніне иман келтірдік (сендік)", – деп. Бірақ олар иман келтірмейді. Олар Алланы және иман келтіргендерді алдамақ болады. Бірақ олар тек өздерін ғана алдағандарын білмейді"..." "Және иман келтіргендерге кездессе: "Біз иман келтірдік!", – дейді де, ал өз шайтандарымен қалғанда, оларға: "Біз сендерменбіз, біз оларды мазақ етеміз", – дейді... Алла оларды қатаң жазалайды, және одан бетер адастырады" ("Әл-Бақара" сүресі, 8, 14-15 аяттар).

Құрметті оқырман! Өмірдің мәні мен мағынасын саралап, жоғарыда айтылған мәселелерге көңіл бөліп, ой толқытар күн туды! Өткенге көз жіберіп, болашақты ақылмен өлшеп-пішіп, бір шешімге келейік?!

Жағыпар қажы ШАЙЖАНОВ.

Игермесең – қайтарасың

**Айтолқын
АЙҚАДАМОВА**

Жер қатынастары туралы заңды белінен басқандарды анықтау жұмысы Қостанай облысында 2012 жылы бастау алған болатын. Заңға кереғар келген заңбұзушылықтар анықталып, жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

